# ДОСТЫҚҚА ДАТ ДАРЫТПАДЫҚ

***«Адам баласына адам баласының бәрі - дос.***

***Не үшін десең, дүниеде жүргенде, туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, баратын жерің - бәрі бірдей..........»***

**Абай.**

Бұл жалған дүниеге кім келіп, кім кетпеген дейсіз. Дегенмен дүниеден озғаннан кейін де халықтың жадында сабырлы мінезімен, ерен еңбегімен, тіршілігінде істеген жағымды тірлігімен есте қалған кісіні қай кезде де еске алу оның көзін көріп бірге жүрген жандар үшін парыз.

Бұл дүниеде жаманға жалынбай, жақсыға табынбай о дүниеге өткен адамдардың қатары сирек болар. Осындай азаматтардың санатына Сәдуақасов Мақсұтты жатқызуға болар деген ойдамын.Сынаптай сырғып, желдей гуілдеп күндер мен айлар өтіп жатыр Мақсұттың фәни жалған өмірден озғанына да бір жыл толды.

Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы ежелгі өмірді айтпағанда XX ғасырда тарихтың талай тарланын басынан өткізді. Біздер: мен, Мағауия Сатыбалдин, Мақсұт Сәдуақасов алапат қырғын соғыс кезінде өмірге келіп, балалық шағымыз жайма - шуақ өтті десем артықтау болар.

Мақсұт 17 жасында Ы.Алтынсарин атындағы мектепті тәмамдаған. Одан кейінгі өмір жолымыз бір бағытта болды. Үшеуміз жоғары білімді 1964 және 1965 жылдары Целиноград ауыл шаруашылығы институтының механикаландыру факультетін үздік бітірдік. Мамандығымыз ауыл шаруашылығы өндірісінің инженер-механигі. Сол уақыттан студенттік шақтан бастап осы кезге дейін 65 жылдық өмір үрдісінде бірге болдық.

Мақсұт институтқа бізден кейін бір жылдан соң 1960 жылы түсті. Осы жылдан бастап Мағауия, Мақсұт үшеуіміздің жолдастық қатынасымыз - достыққа айналды. Ол кезде институтта жатақхана жоқ болатын. Жеке пәтерде Мағауия екеуміз бірге тұрдық. Жерлес және туыс болғандықтан Мақсұтты қатарымызға қосып, оған қолдау көрсеттік. Алғашқыда Мақсұтты көргенде ол бойы өте аласа, нәзіктеу болатын. Үшінші курста бізге «Тың игерушілер» сарайының (қазіргі Конгресс-хол) жанындағы жатақханадан орын берді.

Мақсұт пен Мағауия институттың еркін күрес секциясына қатысып, өздерінің физикалық күшін шыңдады. Қалалық, институтаралық жарыстарға қатысып, Мақсұт жүлделі орындарды иеленді. Институтта оларды Қожанов деген мықты күрескер, тұрақты түрде еркін күрестің қырсыры мен әдістерін мейлінше қатты үйретті. Бас аяғы екі жылда Мақсұттың бойы өсіп, денесі ұлғайып, сүйіріктей жігітке айналды. Екеуі институттың маңындағы «Теміржолшылар» сарайына би үйірмесіне барып, кешкі ойын сауықтарға қатысып жүргенде Мағауия Ақмоланың тумасы Рысжанмен (біз Рая дейміз) танысып, достық қарым - қатынаста болды. Мақсұтпен бірге қызды «Карталинская» көшесіндегі үйіне дейін шығарып салатын. Бұл көшеде көктем, күз айларында жаяу жүру өте қиын болатын. Сазы туфлиден асып, кейде толарсаққа жақындайтын.

Осы кезде Мақсұт инситуттың экономика факультетінде оқитын Рымкеш пен (біз Рая деп атап кеттік) танысып, той - томалақтар мен кешкі жүздесулерде Мағауия екеуі және екі Рая бірге жүріп, араларына қыл өтпейтін досжар болып, қызығы мен қуаныштары мол студенттік шақтарын бастарынан өткізіп жатты. Осындай көрікті кезеңде 1963 жылы сәуір айында Мағауия Раямен шаңырақ көтерді.

Мен 1964 жылы инситутты тәмамдап, сонда ассистент болып жұмысқа кірістім. Мақсұт институттың соңғы курсында



болатын. 1965 жылдың ақпан айының соңына қарай Мақсұт бұрыннан таныс, бірге дос болып жүрген Ысқаққызы Рымкешпен отау құрды.

Осы тұста айта кету керек Рымкеш - Рая ортаға, Қояншытағай қауымына белгілі айтулы азамат Исақ ағаның ҰОС соғысында шахид болған ағасы Ысқақтың жалғыз қыз баласы болатын. Рая саналы тәрбие мен сапалы білімді осы Исақ әкесі мен Тұрсын анасының аялаған алақанынан алды.

1965 жылдың күзінде Мақсұт пен Раяның тұңғышы Манас өмірге келді. Шілдехана тойы қара шаңырақта Нұра-талдыда өтті.

Мақсұт осы кеңшарда еңбек жолын бастады. Совхозды ҰОС қатысушы білімі мен өмірлік тәжірибесі мол Морозов Иван Селиверстович басқарды. Партия ұйымының хатшысы болып білімді, білгір атыауданға аян Тілеубергенов Кәрім ағай қызмет атқарған. Мақсұт осы шаруашылықта партия қатарына өтіп, қатардағы инженерден совхоздың бас инженеріне дейін көтерілді.

Өмір айдынында үшеуміздің еңбек жолымыз бір бағытта болды. Мақсатымыз ауданның ауыл шаруашылығы саласында адал қызмет ету еді.

Мақсұт өзінің еңбекқорлығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен ертерек көзге түсті.

Сол кеңестік заманда аты Сарыарқаға мәшһүр ҰОС хас батыры аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Камали Дүйсембеков небәрі 29 жастағы Мақсұтты шалғайдағы «Қарабұлақ» қой кеңшарының директорына жолдама береді. «Жас келсе-іске» - дегендей бұл жауапты жұмысқа Мақсұт құлшына кіріседі. Бас аяғы 2-3 жылдың ішінде «Қарабұлақ» совхозын тығырықтан шығарып, аудан бойынша рентабелді алдыңғы шаруашылықтардың қатарына қосты. Осы совхозда басшының атқарған игі жұмыстарын Ақадыр ауданы мен Жезқазған облысының БАҚ жарыса жазып, директордың жұмыста ұйымдастыру қабілетінің жоғарғы деңгейде екенін бұқара жұртқа жеткізген болатын. Мақсұт біраз жылдар бойы Ақадыр ауданы әкімінің орынбасары, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы лауазымда болып, абыройлы қызмет атқарды.

1985 - 2004 жылдары 20 жылдай Өспен кеңшары мен «Талды аргожекеменшік» шаруашылығын басқарып, өзінің өмір жолындағы жинаған кәсіби тәжірибесін көпшілік жұртпен бөлісті. Мақсұт бұл шаруашылықтарда атқарған жұмыстарын сол шаруашылықтарда бірге істеген азаматтардың жазбаларында толықтай айтылған.

Мақсұт 40 жылдан астам уақыт күрмеуі қиын, кедергілері мол ауыл шаруашылығы саласының басшысы болып шаруашылықтардың дамуына өзінің үлесін қосып, қолтаңбасын қалдырды.

Әрі қарай Мақсұттың адами болмысы мен азаматтың қасиеттері тұрғысына тоқтайын. Жоғарыда айтып кеттім өмір жолында 64 жылдай бірге болдық. Мақсұт жолдастық-достық қатынасты өте берік ұстады.

Дана Абай айтқандай «Жаман дос көлеңке. Басына күн шалса, құтыла алмайсың. Басыңа бұлт шалса іздеп таба алмайсың»! Біздер, оның ішінде Мақсұт ондай достар қатарынан емеспіз.

Мақсұттың өмір кезеңдегі жолы менің тағдырыма ұқсастау. Мен секілді ол да 2005 жылы сүйіп қосылған жары Раяны жер қойнауына тапсырып, екі жылдан соң өзінің балдызы Төкіштің зайыбы Қатирамен отбасылық өмірін жалғастырды. Қарағанды қаласында емен - жарқын күнделікті күндерін шүйіркелесіп өткізіп жатқан жайлары бар еді.

Не керек ауру, ажал айтып келмейді ғой. Бар пенденің баратын мәңгілік мекені бір жер ғой. Өмір бар жерде, өлім бола береді. Өмір өкінішсіз өтпейді. Өкініштісі Мақсұттың Қарағанды маңындағы, Шет өңіріндегі дос - жарандары онымен қоштаса алмай қалғаны.

«Дүние деген ұлы көш. Ақыры, соңы біз емес........» деп айтылатын тәмсіл қазақ даласында ежелден бар. Алланың жазуынан ешкім аттап кетпейді.

«Адам елеусіз тозақ сияқты із - түссіз құрып кету үшін тумайды. Адам артына із қалдыру үшін - жер бетінде, басқа адамдардың ақыл - ой, дүниесінде, жүрегінде сақтау үшін тауады». «Адам ұрпағымен мың жасайды». Ұлылардан қалған осы ұлағатты ой Мақсұт сынды азаматтарға айтылғандай. Шүкіршілік, соңында әулеті, ұрпағы бар іздейтін, сағынатын. Сондықтан Мақсұт өлген жоқ, тек өмірден озды.

Сан қилы соқпақты керуен жолында достыққа дат дарытпаған бірге жүрген үшеу едік. Бүгін мен жалғыз қалғандай күйдемін. Енді өткен күннен қалатыны - естелік.

Аса ардақты досым - Мақсұт!

Қамшының сабындай қысқа ғұмырда жанымыздан кеткеніңмен, жадымызда мәңгі сақталасың, нұрың пейіштің төрінде шалқысын! Жылдық асың, оқылатын құран қабыл болсын.

**Боранбай ЖҰМКИН,**
**Шет ауданының**
**Құрметті азаматы.**